- 5 ҚБ пультіндегі сандық түймелер көмегімен бастапқы жиілік мәнін (кГц) белгілеңіз.
- 6 ▲▼ түймелерін пайдалану арқылы **Арту бойынша іздеу** параметрін таңдаңыз, одан кейін арнаны іздеуді бастау үшін **OK** түймесін басыңыз.
- 7 ▲▼ түймелерін пайдалану арқылы **Арту бойынша іздеу** параметрін таңдаңыз, одан кейін арнаны іздеуді бастау үшін **OK** түймесін басыңыз.
- 8 Арнаны іздеу аяқталғанда, оны сақтау үшін **OK** түймесін басыңыз.


Іздеу режимінен шығу үшін **EXIT** түймесін басыңыз.

## Арнаны өткізіп жіберу

- 1 **MENU** түймесін басыңыз.
- 2 ▲▼ түймесін пайдалану арқылы **ТВ** параметрін таңдаңыз, таңдауды растау үшін **OK** түймесін басыңыз.
- 3 ▲▼ түймелерінің көмегімен **Арналар** параметрін таңдаңыз, таңдауды растау үшін **OK** түймесін басыңыз.



- 4 ▲▼ түймелерінің көмегімен **Арнаны өткізіп жіберу** параметрін таңдаңыз. Одан кейін ішкі менюді шақыру үшін **▶** түймесін басыңыз.




- 5 ▲▼ түймелерін пайдалану арқылы арнаны таңдап, өткізіп жіберу қажет арнаны таңдағаныңызды растау үшін **OK** түймесін басыңыз.

## Сұрыптау

- 1 ▲▼ түймелерінің көмегімен **ТВ** менюіндегі **Арналарды сұрыптау** параметрін таңдаңыз. Одан кейін ішкі менюді шақыру үшін **OK** түймесін

басыңыз.


- 2 ▲▼ түймелерін пайдалану арқылы орнын ауыстыру қажет арнаны таңдап, таңдауды растау үшін **OK** түймесін басыңыз.




- 3 ▲▼ түймелерінің көмегімен таңдалған арнаның орнын қай арна орнына жылжыту керек – соның номерін таңдап, жылжытуды растау үшін **OK** түймесін басыңыз.
- 4 Сұрыптау режимінен шығу үшін **EXIT** түймесін басыңыз.

## Өңдеу

- 1 ▲▼ түймелерін пайдалану арқылы **ТВ** менюінен **Арнаны өзгерту** параметрін таңдаңыз. Одан кейін ішкі менюді шақыру үшін **OK** түймесін басыңыз.



- 2 ▲▼ түймелерін пайдалану арқылы өңдеу қажет арнаны таңдаңыз. Өңдеу менюін шақыру және қажетті өзгерістерді енгізу үшін **OK** түймесін басыңыз.



## Шартты қатынас модулін орнату


Бірнеше декодері бар бағдарламалар қабылдайтын слот шартты қатынас модульдеріне және қосымша бағдарламалар мен ақылы арналарға қатынасты қамтамасыз ететін қайта кодтайтын карталарға

арналған. Басқа модульдер бойынша толығырақ ақпарат алу үшін, бұндай қызмет көрсетулер ұсынатын жергілікті провайдерге хабарласыңыз. Шартты қатынас модульдері мен қайта кодтайтын карталар теледидармен бірге жеткізілетін жинаққа кірмейтінін ескеріңіз.


### Ескерту

- Шартты қатынас модулін теледидарыңыздың сәйкес ұясына орнатпас бұрын теледидардың желіден ажыратылғандығына көз жеткізіңіз.


- 1 Шартты қатынас модулі мен қайта кодтау картасын теледидардың бүйір панелінде орналасқан слотқа орнатыңыз.



- 2 Теледидарды қосыңыз. Егер қатынас модулі анықталса, экранның төменгі жағында сәйкес хабар пайда болады. Картаның толық белсендірілуіне дейін бірнеше секунд күте тұрыңыз.



- 3 Менюді шығару үшін **OK** түймесін басыңыз. **▲** және **▼** түймелерінің көмегімен қажетті опцияны тандап, таңдауды растау үшін **OK** түймесін басыңыз.



- 4 Экранда пайдаланыстағы карта туралы толық ақпараты бар терезе пайда болады.
- 5 Менюді шақыру үшін **OK** түймесін басыңыз.

Толығырақ ақпарат алу үшін «Модульді пайдалану бойынша нұсқаулық» бөлімін қараңыз.

## Құрылғыны пайдалану

### Бағдарлама таңдау

- 1 ҚБ пультіңдегі сандық түймелерді пайдалану арқылы қажетті арна номерін енгізіңіз.
- 2 Қажетті арна номерін ҚБ пультіңдегі **P▲ / P▼** немесе теледидардың алдыңғы панеліндегі **CH+ / CH-** түймелерінің көмегімен де таңдауға болады.


### Дыбысты реттеу

Дыбыс деңгейін реттеу үшін ҚБ пультіңдегі немесе теледидардың алдыңғы панеліндегі **V+ / V-** түймелерін пайдаланыңыз.

### Кескін параметрін өзгерту

#### Баптаулар

- 1 **MENU** түймесін басыңыз. **▲▼** түймелерінің көмегімен **Видео параметрін таңдаңыз**. Одан кейін ішкі менюді шақыру үшін **OK** түймесін басыңыз.



- 2 **▲▼** түймелерін пайдалану арқылы өзгерту қажет параметрді таңдаңыз.
- 3 **◀▶** түймелерінің көмегімен таңдалған параметр мәнін өзгертіңіз.
- 4 Қарау режиміне оралу үшін – **EXIT**, алдыңғы менюге қайту үшін **MENU** түймесін басыңыз.

#### Кескін режимі

Кескінді қарау режимін таңдауға болады. Пайдаланышы / Standard (Стандартты) / Қанық / ECO (Үнемді) / Кино / Спорт режимін бағдарламаға сәйкес етіп таңдаңыз. ҚБ пультіңдегі **P.MODE** түймесінің көмегімен қажетті кескін режимін жылдам таңдауға болады.

#### Жарқындық

Бүкіл кескін жарқындығын реттеуге болады, өзгерістер,

## Жұмысқа дайындық

әсіресе, кескіннің күңгірт тұстарына әсер етеді.

### Қарама-қарсылық

Кескіннің күңгірт тұстарына тиіспей, ашық тұстарының жарқындығын арттыруға болады.

### Қанықтық

Түстердің қанықтығының деңгейін өз қалауыңызға байланысты өзгертуге болады.

### Ашықтық

Кескіннің ұсақ детальдарының ашықтығын өзгертуге болады.

### Реңк

Кескін реңкін өзгертуге мүмкіндік береді.

### Назар аударыңыз

Бұл функция тек NTSC форматында ғана қолжетімді.

### Түс температурасы

Қажетті түс температурасының режимін таңдау үшін ◀▶ түймелерін пайдаланыңыз: суық, стандартты, жылы.

Осы функция көмегімен жылы (қызыл) және суық (көк) түстер деңгейін өз қалауыңызға сәйкес реттей аласыз. Ақ түске көкшіл реңк беру үшін «Суық түс температурасы» режимін таңдаңыз. Ақ түске бейтарап реңк беру үшін «Стандартты түс температурасы» режимін таңдаңыз, ал қызыл реңк беру үшін «Жылы түс температурасы» режимін таңдаңыз.

### Қосымша видео параметрлері.

#### • Динамикалық шуды басу

Бұл функция сандық шуларды басу деңгейін реттеу үшін қызмет етеді. «Өшірулі», «Әлсіз», «Орташа», «Күшті», «Авто» режимін орнату үшін ▶◀ түймелерін пайдаланыңыз.

#### • Шуды MPEG режимінде басу

Бұл функция MPEG форматындағы кескіндердегі шу деңгейін реттеу үшін қызмет етеді. «Өшірулі», «Әлсіз», «Орташа», «Күшті» режимін орнату үшін ▶◀ түймелерін пайдаланыңыз.

#### Белсенді контраст

Бұл функция көмегімен жарықтандыру шамының жарқындығы экрандағы дәл сол сәттегі көрініс жарқындығына сәйкес автоматты түрде өзгереді.


▶◀ түймелерінің көмегімен жұмсақ режимді қосыңыз (ON) немесе өшіріңіз (OFF).

## Дыбыс параметрлерін өзгерту

### Баптау

**1** MENU түймесін басыңыз.

**2** Аудионы таңдау үшін ▲▼ түймелерін пайдаланыңыз, одан кейін таңдауыңызды растау үшін OK түймесін басыңыз.



**3** Реттеу қажет параметрді таңдау үшін ▲▼ түймелерін пайдаланыңыз.

**4** Осы параметр мәнін өзгерту үшін ◀▶ түймелерін пайдаланыңыз.

**5** Таңдалған параметрді баптап болған соң, теледидар қарау режиміне оралу үшін – EXIT түймесін, менюге оралу үшін MENU түймесін басыңыз.

### Режим

Осы функция көмегімен өз қалауыңызға сай келетін баптауларды таңдай аласыз.

### Баланс

Бұл функция көрерменнің орналасуына қарай барынша жақсы стереоэффектіге қол жеткізу үшін оң және сол колонкаларды баптауға арналған.

Төмен жиіліктер тембрі.

Төменгі дыбыстық жиіліктерді реттеуге арналған.

Жоғары жиіліктер тембрі.

Жоғарғы дыбыстық жиіліктерді реттеуге арналған.

Көлемді дыбыс.

Бұл функция көлемді дыбысталу әсерін қалыптастыру үшін қызмет етеді.

### Эквалайзер.

Осы функция көмегімен дыбыстық файлдардың түрлі типтеріне сай келетін баптауларды таңдай аласыз. «Өшірулі», «Рок», «поп», «Жаңды дауыс», «Диско», «Техно», «Классика» немесе «Жұмсақ» режимін таңдау үшін түймелерін пайдаланыңыз.

### Сандық аудиошығыс.

Бұл функция сандық аудиошығыс параметрлерін реттеуге мүмкіндік береді.

Осы түйме көмегімен сандық аудиошығыс режимін таңдауға болады – «Өшірулі», «Авто», «PCM» (импульстік-кодтық модуляция).



Сандық дыбыс сигналын кідірту

Бұл функция видео мен аудионың бір уақытта ойнауын реттеуге мүмкіндік береді. Ол тек PCM режимінде белсенді.

Дыбыс деңгейін автоматты реттеу

Бұл функция бірдей дыбыс деңгейін қамтамасыз ету үшін, әр арнаның дыбыс деңгейін қалыпты деңгейге дейін автоматты реттеу үшін қызмет етеді. «Өшірулі» немесе «Қосулы» режимін таңдау үшін түймелерін пайдаланыңыз.

Sound type

Бұл функция көмегімен «Моно» немесе «Стерео» ойнату форматын таңдай аласыз.




#### Назар аударыңыз

Бұл функция тек стерео трансляция режимінде бар.

## Баптау параметрлері

- 1 MENU түймесін басыңыз.
- 2 «Функция» таңдау үшін ▲▼ түймелерін басыңыз, одан кейін таңдауыңызды растау үшін ОК түймесін басыңыз.



- 3 Өзгерту қажет параметрді таңдау үшін ▲▼ түймелерін пайдаланыңыз.
- 4 Таңдалған параметрді өзгерту үшін ◀▶ түймелерін пайдаланыңыз.
- 5 Баптауды аяқтаған соң, стандартты қарау режиміне оралу үшін – EXIT (Шығу) түймесін, менюге оралу үшін MENU (Меню) түймесін басыңыз.

Меню тілі.

Функция меню тілін таңдауға мүмкіндік береді.

Экран режимі

Кескін пропорцияларын белгілеу үшін ◀▶ түймелерін пайдаланыңыз. Auto (Авто)/16:9/4:3/Zoom 1 (1-масштаб)/Zoom 2 (2-масштаб) режимін таңдаңыз. Экран режимін жылдам таңдау үшін, ҚБ пультіндегі SCREEN (Экран) түймесін де пайдалануыңызға болады.

#### • 16:9 режимі

Бұл режимді кескінді экранға толық шығару үшін

пайдаланыңыз.

#### • 4:3 режимі

Бұл режимді екі жанында сұр жиектері бар бастапқы өлшемі 4:3 болатын кескін алу үшін пайдаланыңыз.

#### • 1-масштаб

Бұл режимді (Zoom 1) кескін форматы деформацияланғанын, яғни кескін тіпнен кеңейіп, кесілгенін қалаған жағдайда пайдаланыңыз. Бұл режим кескіннің экранда деформациялануы мен таралуының арасындағы ойтайлы қатынасты қамтамасыз етеді.

#### • 2-масштаб

Бұл режимді (Zoom 2) деформацияланбаған кескін алу үшін пайдаланыңыз. Кескіннің жоғарғы және төменгі бөліктерінің қиылатынына назар аударыңыз.

Дыбыссыз көк экран

Бұл функция фондық экран (Blue Screen) түсін баптауға мүмкіндік береді.



#### Назар аударыңыз

Бұл функция тек ATV режимінде бар.

Күн және уақытты баптау


Уақытты баптау

#### • Сағаттық белдеу

Қажетті сағаттық белдеуді таңдау үшін ◀▶ түймелерін пайдаланыңыз.

#### • Уақыт

Көмекші менюді шақыру үшін ОК түймесін басыңыз.



**Автосинхронизация:** Өшірулі/Қосулы режимін таңдау үшін түймелерін пайдаланыңыз. Автоматты режимде уақытты өз бетіңізбен өзгерту мүмкін емес. Егер автоматты режим өшірулі болса, уақыт баптауларын өз бетіңізбен өзгерте аласыз.

**Күн:** ◀▶ түймелерін орналасуды таңдау үшін, ал ҚБ пультіндегі сандарды күнді белгілеу үшін пайдаланыңыз.

**Уақыт:** ◀▶ түймелерін орналасуды таңдау үшін, ал ҚБ пультіндегі сандарды уақытты белгілеу үшін пайдаланыңыз.

**Қосу таймері:** ◀▶ түймелерін Онсе (бір рет),

«Өшірулі» немесе «Қосулы» режимдерін таңдау үшін пайдаланыңыз. «Өшірулі» режимінде уақытты баптау мүмкін емес.

**Өшіру таймері:** ◀ түймелерін Once (бір рет), «Өшірулі» немесе «Қосулы» режимдерін таңдау үшін пайдаланыңыз. «Өшірулі» режимінде уақытты баптау мүмкін емес.

**Автоматты өшіру таймері**

Минут санын таңдау үшін ◀ түймелерін пайдаланыңыз. Өшірулі, 5 миң, 10 миң, 15 миң, 30 миң, 45 миң, 60 миң, 90 миң, 120 миң.

**Автоматты өшіру**

Уақытты таңдау үшін ◀ түймелерін пайдаланыңыз:

Өшірулі, 3 сағат, 4 сағат, 5 сағат.

**Экран менюін кідірту**

Бұл функция түрлі менюлердің экранда көрсетілу уақытын баптауға мүмкіндік береді.

Уақытты таңдау үшін ◀ түймелерін пайдаланыңыз: Жоқ, 5 с, 10 с, 15 с, 30 с, 45 с, 60 с.

**Субтитрлер**

Видео файлды ойнату барысында субтитрлерді қосу функциясы.

Осы функцияны қосу не өшіру үшін ◀ түймелерін пайдаланыңыз.

### • Субтитрлердің 1-тілі

Бастапқы субтитрлер тілін таңдау функциясы.

### • Субтитрлердің 2-тілі

Бастапқы субтитрлердің екінші тілін таңдау функциясы.

### • Субтитрлер көрінісі

◀ түймелерін «Қалыпты» немесе «Есту қабілеті нашар» режимдердегі субтитрлердің көрінісін таңдау үшін пайдаланыңыз.

**Телемәтін**

Телемәтін режимін баптау функциясы.

### • Сандық телемәтін тілі

Сандық телемәтін тілін бастапқыдағыдай баптау функциясы.

### • Бет тілін қайта кодтау

Қайта кодтау бетінің тілін баптау функциясы.

**Бастапқы орнату**

Бастапқы баптау менюіне оралу

**Стандартты баптауларды қалпына келтіру**


Функция бастапқы баптауларды қалпына келтіруге арналған.

**«Дүкен» режимі**

Қосулы/Өшірулі режимін таңдау үшін түймелерін пайдаланыңыз.


## Бұғаттау менюі

Осы функцияны пайдалану арқылы тюнерді, бағдарламаларды, дыбыс деңгейін және т.б. басқара аласыз. ҚБ пультіндегі **MENU** түймесін басыңыз. ▲▼ түймелерін Бұғаттау менюін (Lock menu) таңдау үшін пайдаланыңыз. ► түймесін басқан соң, сізге парольді енгізу ұсынылады. Бастапқы пароль: 0000. Егер парольді ұмытып қалсаңыз, басқаруды қалпына келтіру үшін 9443 санын енгізуге болады.



**Парольді өзгерту**

- 1 Парольді өзгерту функциясын таңдау үшін ▲▼ түймелерін пайдаланыңыз. Одан кейін көмекші менюді шақыру үшін ► түймесін басыңыз.



- 2 Жаңа сандық парольді енгізіп, оны растаңыз, сондай-ақ, сіз парольді өзгерте аласыз.

**Жүйені бұғаттау (System Lock)**

Бұғаттау функциясын таңдау үшін ▲▼ түймелерін пайдаланыңыз, одан кейін Қосулы/Өшірулі режимін таңдау үшін ► түймелерін басыңыз.

**Арналарды бұғаттау**

Бұғаттау қажет арнаны таңдау үшін ▲▼ түймелерін пайдаланыңыз. Таңдалған арнаны бұғаттау не бұғаттан шығару үшін **OK** түймесін басыңыз.

**Ата-аналық бақылау (Parental Guidance)**

Ата-аналық бақылау режимін таңдау үшін ▲▼ түймелерін пайдаланыңыз.

Қарауға болатын арналар үшін **OFF** (ата-аналық бақылауды өшіру) параметрін таңдаңыз немесе 4 жас-тан 18 жасқа дейінгі жас мөлшеріне қарай шектеулер орнатыңыз.

**Парольді ауыстыру**

Парольді өзгерту функциясын таңдау үшін ▲▼ түймелерін басыңыз.

Таңдалған функцияны растау үшін **OK** түймесін басыңыз.




Қашықтықтан басқару пультіндегі сандық түймелерді пайдаланып жаңа пароль көрсетіңіз, бұдан соң көрсетілген парольді растау үшін оны қайталаңыз.

### Бұғаттауды жою

Бұғаттауды жою функциясын таңдау үшін ▲▼ түймелерін пайдаланыңыз. Таңдалған функцияны растау үшін **OK** түймесін басыңыз. Одан кейін барлық режимдерді бұғаттаудан бас тарту үшін ◀▶ түймелерін басыңыз.

### Қонақүй режимі

Баптау менюіне кіру үшін **MENU**, **1, 0,0,1,0,8** түймелерін басыңыз:



### Қонақүй режимі:

Қонақүй режимін қосу/өшіру.

Максималды дыбыс деңгейі:

Теледидардың максималды дыбыс деңгейін белгілеңіз.

Бастапқы дыбыс деңгейі:

Теледидар қосылғандағы бастапқы дыбыс деңгейін белгілеңіз.

Түймелер панелін бұғаттау:

теледидардың алдыңғы панеліндегі басқару түймелерін бұғаттаңыз.

## Жылдам шақыру менюі

### Экран

Субтитрлер функциясы

Субтитрлерді қосу және өшіру үшін, ҚБ пультіндегі **SUBTITLE** (Субтитрлер) түймесін басыңыз.

### Назар аударыңыз

**SUBTITLE** (Субтитрлер) түймесін басқан соң, тілдер менюі тек DTV режимінде ғана шығатын болады.

Арналар тізімі функциясы

**1** Арналар тізімі функциясының менюін шақыру үшін қашықтықтан басқару пультіндегі **CH.List** түймесін басыңыз.


**2** Арналарды таңдау үшін сары түймені басыңыз:

Барлығы/ Сандық/ Радио/ Аналогтық, растау үшін **OK** түймесін басыңыз.

**3** Арналарды таңдау үшін ▲▼ түймелерін пайдаланыңыз, одан кейін таңдауыңызды растау үшін **OK** түймесін басыңыз. Баптаулар режимінен шығу үшін кез келген уақытта **EXIT** түймесін басуға болады.

Анықтама алу функциясы

Менюді шақыру үшін ҚБ пультіндегі **GUIDE** түймесін басыңыз, одан кейін бағдарлама таңдау үшін ▲▼◀▶ түймелерін пайдаланыңыз. Баптаулар режимінен шығу үшін кез келген уақытта **EXIT** түймесін басуға болады.




### Назар аударыңыз

Бұл функция тек DTV режимінде бар.

«Сүйікті арналар» функциясы


Сүйікті арналар тізімінің менюін шақыру үшін ҚБ пультіндегі **FAV** түймесін басыңыз.

Қосулы арнаны сүйікті арналар тізіміне енгізу үшін **FAV** түймесін басып, **OK** түймесін басыңыз. Сондай-ақ, сүйікті арналар тізімінен арналарды жоюға болады.



Мәлімет

Қосылған арна туралы мәліметті экранға шығару үшін, ҚБ пультіндегі **INFO** түймесін басыңыз. Баптаулар режимінен шығу үшін кез келген уақытта **EXIT** түймесін басуға болады.



## Жұмысқа дайындық

### АУДИО I/II

Аудио тілдерінің менюін шығару үшін, ҚБ пультіңдегі **AUDIO** түймесін басыңыз.



#### Назар аударыңыз

Бұл функция тек DTV режимінде бар.

### Дыбысты өшіру

Жақсы естілу қажет болғанда: телефонмен сөйлескенде немесе қонақ күткенде дыбысты өшіру функциясы – таптырмайтын көмекші.

**4** ҚБ пультіңдегі **MUTE** (Дыбыссыз) түймесін басыңыз, бұдан кейін экранның төменгі жағында өшірулі дыбыс индикаторы пайда болады. Осы уақытта теледидар дыбысы өшірулі болады.

**5** Егер дыбысты қосқыңыз келсе, **MUTE** немесе **V+** түймесін қайта басыңыз.

### Бағдарламаны жылдам қарау

Бұл функция сіз қараған соңғы бағдарламаға жылдам ауысуға мүмкіндік береді. **Q.view** түймесін басыңыз, сонда теледидар соңғы қаралған бағдарламаға ауысады.

**1** Мысалы, сіз қараған арнаның номері 8 болды, ал енді сіз 18-арнаны қарап отырсыз (кестеде көрсетілгендей).

18
8
18

**2** Егер сіз соңғы қараған номері 8-ші бағдарламаға оралғыңыз келсе, сізге бар болғаны **Q.View** түймесін басу керек.

**3** Егер сіз қайтадан 18-бағдарламаға қайтқыңыз келсе, түймені қайта басыңыз. Осы функцияны пайдалану арқылы сіз қазір қарап отырған арнаңыздан оған дейін қараған арнаңызға өте аласыз.

## Телемәтін функциялары

Телемәтін ақпараттық жүйе болып табылады, ол белгілі бір арналарда трансляцияланады және оны газет сияқты оқуға болады. Ол есту қабілетінде кемістігі бар және трансляцияланатын тілді меңгермеген адам-

дар үшін субтитрлерді қамтиды (кабельдік желілер спутниктік арналар және т.б.).




#### Назар аударыңыз

Телемәтін түймелері сигнал болмаған жағдайда да жұмыс істейді, алайда телемәтін экранда көрсетілмейді.

## Телемәтін

### • Телемәтін функциялары

Телемәтінді қосу үшін  түймесін басыңыз. Телемәтінді өшіру үшін осы түймені қайта басыңыз. Меню функциялары телемәтін режимінде қолжетімді болмайтынына назар аударыңыз. ҚБ пультіңдегі түймелер арқылы қосылатын бірнеше функция ғана телемәтін режимінде жұмыс істейді:

- Дыбыс деңгейін реттеу

- Дыбысты өшіру




### • Бетті ауыстыру

P+/P- түймелерін алдыңғы және келесі бетті қарау үшін пайдаланыңыз.




### • Бет номерін енгізу

Телемәтін бетін таңдау үшін, бет номерін ҚБ пультіңдегі сандарды пайдалана отырып енгізіңіз немесе P+/P- түймелерін не мәтінді жылдам шақыру түймелерін пайдаланыңыз.



### • Аралас режим

Теледидар мен телемәтінді бір уақытта қарау үшін  түймесін басыңыз, бұл жағдайда телемәтін беті кескін

үстінен пайда болады. Толық экран режиміне оралу үшін осы түймені қайта басыңыз.




#### • Индекс

Телемәтін индексінің бетіне өту үшін **INDEX** түймесін басыңыз.




#### • Тілді өзгерту

 түймесінің көмегімен телемәтіннің шығыс немесе батыс кодтауын таңдауға болады.




#### • Кідірту

 түймесі телемәтін бетінің автоматты жаңартылуын тоқтатады. Бұл функция бір арнада телемәтіннің әр түрлі беттері немесе әр түрлі ақпарат көрсетілгенде, әсіресе, пайдалы.




#### • Өлшем

 түймесінің көмегімен қарау режимін өзгерте аласыз: толық экранды, экранның жоғарғы жағында/экранның төменгі жағында/экранның жартысында. Бұл функция пайдалы, себебі ол кескінді ұлғайтады және мәтін оқуды жеңілдетеді.




#### • Жасырын ақпаратты көрсету

Жасырын мәтінді көрсету үшін  түймесін пайдаланыңыз. Бұл функция, мысалы, телемәтіндегі интерактивті ойындардың жауаптарын көрсету үшін пайдаланылады.



#### • Уақыт

 түймесін басқанда телемәтіннің төменгі сол жағында бірнеше секундқа уақыт пайда болады.




#### • Жылдам өтуге арналған түрлі түсті түймелер

Бұл функция, трансляциялайтын компанияның пікірінше, сізге қызықты болуы ықтимал, ең көп оқылатын 4 бетті экранға автоматты түрде шығарады. Түсі сіз өткізіп келетін беттің төменгі жағындағы сілтеме түсіне сәйкес келетін түймені бассаңыз, сіз бірден сол бетке өтесіз.



#### • Көмекші код

 түймесін басып, келесі бетке өту үшін төрт таңбалы номерді енгізіңіз.



## USB режимі

### Назар аударыңыз

- Бұл бөлімде тек шамаланып алынған схемалар көрсетілген, сондықтан олар анықтамалық мақсатта ғана пайдаланылады. Қажет болған жағдайда құрылғыны зерттеп көріңіз.
- USB функциясының экрандық менюі құрылғыңыздың менюінен өзгеше болуы мүмкін, ол тек нұсқаулықты түсінуді жеңілдетуге арналған мысал болып табылады.

## USB-құрылғыны пайдалану

- 1** Файлдардың қолдалатын форматтары
  - фотосуреттер: jpg;
  - музыка: mp3;
  - видео: avi;
  - мәтін: txt

### Назар аударыңыз

- Кодтау ерекшеліктеріне байланысты кейбір файлдарды оқу мүмкін болмауы ықтимал.

- 2** Қолдау көрсетілетін құрылғылар:

## Жұмысқа дайындық

Құрылғы Mass Storage Protocol протоколымен жұмыс істейтін жабдықты және файлдық жүйесі FAT32 болып табылатын құрылғыларды қолдайды, мысалы, USB-дискілер, тасымалданатын қатты дискілер және MP3-ойнатқыштар. Егер USB-құрылғы файлдық жүйесіне қолдау көрсетілмейтіндіктен анықталмаса, оны жоғарыда берілген талаптарға сәйкес етіп форматтаңыз.

- Ойнату сапасы жақсы болуы үшін, төмендегі талаптардың орындалғанына сенімді болыңыз:
  - Файлдың кодтық жылдамдығы 300 Кбайт/сек көрсеткішінен аспайды;
  - USB сигналын беру аралығының шектеулі болуы себепті жалғағыш бауларды пайдалану ұсынылмайды. Егер жалғағыш бауды қолдансаңыз, оның ұзындығы 1 м-ден аспайтынына сенімді болыңыз.
  - Standard USB 2.0 жылдам интерфейсімен сыйысымды, жоғары жылдамдықты USB-құрылғы қолданыңыз; егер құрылғыңыз бұл интерфейсмен сыйысымды болмаса, ойнату сапасы нашар болуы мүмкін.

## USB-құрылғыны қосу

- Теледидарды қосыңыз.
- Фотосуреттер және/немесе фильмдер сақталып тұрған USB-құрылғыны теледидардың артқы панеліндегі USB ұясына қосыңыз.
- USB-құрылғы теледидарға қосылғанда Media Play (Құрылғыны ойнату) функциясын таңдай аласыз.


## USB-құрылғы менюімен жұмыс істеу

- Сыртқы USB-құрылғыны USB ұясына қосыңыз.
- SOURCE** (Көз) түймесін басып, ▲▼ түймелерінің көмегімен USB режимін таңдаңыз.
- Қосымша бет шақыру үшін, ҚБ пультіңдегі **OK** түймесін басыңыз.




## Кескіндерді қарау

- ◀▶ түймелерінің көмегімен Picture (Кескін) параметрін таңдап, ҚБ пультіңдегі **OK** түймесін басыңыз.
- Тізімнен қажетті кескінді таңдау үшін ▲▼▶ түймелерін пайдаланыңыз, одан кейін кескінді қарауды бастау үшін **OK** түймесін басыңыз.




- Функциялар тізімін шақыру үшін **MENU** түймесін басыңыз.



- Ойнату/Кідірту
- Қайталау
- Кездейсоқ таңдау
- Бұру
- Ұзақтық
- Масштаб
- Әсер
- Ақпаратты көрсету
- Музыкалық сүйемелдеу

- Қажетті параметрді таңдау үшін, ҚБ пультіңдегі түймені басыңыз.




- Ойнату/Кідірту
- Тоқтату
- Алдыңғы кескінді көрсету

4. Келесі кескінді көрсету

- 5 Менюге оралу үшін EXIT түймесін басыңыз.


## Музыканы ойнату

- 1 Music (музыка) таңдау үшін ◀▶ түймесін басыңыз, одан кейін Media Play функциясының менюінде ENTER параметрін басыңыз.




- 2 Тізімнен қажетті музыканы таңдау үшін ▲▼◀▶ түймелерін пайдаланыңыз, одан кейін ойнатуды бастау үшін OK түймесін басыңыз.

- 3 Опциялар менюін шақыру үшін MENU түймесін басыңыз.



1. Ойнату/Кідірту
2. Қайталап ойнату
3. Кездейсоқ таңдау
4. Ақпаратты көрсету
5. Спектрді жасыру
6. Спектрді көрсету/жасыру
7. Тек аудио

- 4 Қажетті параметрді таңдау үшін, ҚБ пультіңдегі түймені басыңыз.



1. PLAY/PAUSE (ойнату/кідірту)
2. STOP (тоқтату)
3. REV (артқа айналдыру)
4. FWD (алдыға айналдыру)
5. PREV (алдыңғы композицияны ойнату)
6. NEXT (келесі композицияны ойнату)

- 5 Менюге оралу үшін EXIT түймесін басыңыз.

**Назар аударыңыз**

- Audio Only (Тек аудио) режимінен шығу үшін теледидарды өшіру түймесінен басқа кез келген түймені пайдалана аласыз.
- Таңдалған композицияларды ойната аласыз.


## Фильмдерді ойнату

- 1 Movie (фильм) таңдау үшін ◀▶ түймесін пайдаланыңыз, одан кейін Media Play функциясының менюінде ENTER параметрін басыңыз.




- 2 Тізімнен қажетті фильмді таңдау үшін ▲▼◀▶ түймелерін пайдаланыңыз, одан кейін ойнатуды бастау үшін OK түймесін басыңыз.

- 3 Опциялар менюін шақыру үшін MENU түймесін басыңыз.



1. Кідіріс
2. Қайталап ойнату
3. Ақпаратты көрсету
4. Сурет режимі
5. Толық экранды режим

- 4 Қажетті параметрді таңдау үшін, ҚБ пультіңдегі түймені басыңыз.



1. Play/Pause (ойнату/кідірту)
2. Stop (тоқтату)
3. Fast Reverse (артқа айналдыру)
4. Fast Forward (алдыға айналдыру)
5. Play previous video (алдыңғы видеоны ойнату)
6. Play next video (келесі видеоны ойнату)

- 5 Менюге оралу үшін EXIT түймесін басыңыз.




#### Назар аударыңыз


USB-құрылғыны USB режимін өшіргенше суырмаңыз, кері жағдайда құрылғыда сақтаулы ақпарат зақымдалуы мүмкін.

## Мәтінді қарау

- 1 **Text** (мәтін) таңдау үшін ◀▶ түймесін басыңыз, одан кейін Media Play функциясының менюінде **ENTER** параметрін басыңыз.




- 2 Тізімнен қажетті мәтіндік файлды таңдау үшін ▲▼▶ түймелерін пайдаланыңыз, одан кейін қарауды бастау үшін **OK** түймесін басыңыз.
- 3 Опциялар менюін шақыру үшін **MENU** түймесін басыңыз.



1. Ойнату/Кідірту
2. Қайталап ойнату
3. Шрифт
4. Ақпаратты көрсету

- 4 Қажетті параметрді таңдау үшін, ҚБ пультіңдегі түймені басыңыз.



1. PLAY/PAUSE (ойнату/кідірту)
2. STOP (тоқтату)
3. PREV (алдыңғы бетті қарау)
4. NEXT (келесі бетті қарау)

- 5 Менюге оралу үшін EXIT түймесін басыңыз.

## Сыртқы USB-құрылғыларды пайдалану

### Жазуға арналған диск



#### Назар аударыңыз

- Жүйе құрылғыны толығымен форматтайды, ал егер оның көлемі 1 ГБ-дан артық болса, Time Shift (кідірту) функциясының ұзындығын баптай аласыз.
- Егер сіз Time Shift функциясы үшін толық форматтауды таңдасаңыз, сіз жаза алмайсыз.
- Жазу құрылғысын алғаш рет қолданатын болсаңыз, форматтау міндетті.
- Жад құрылғысының ұсынылатын минималды көлемі – 1 ГБ.
- Беру жылдамдығы:
  - Құрылғы беруінің жылдамдығы 5Мб/с көрсеткішінен жоғары болуы тиіс.
- USB-құрылғыда келесі ақаулар болса, жүйе дұрыс жұмыс істей алмайды:
  - құрылғыда вирус бар
  - құрылғы бұғатталған.



- Құрылғыға қолдау көрсетілмейді (жад көлемі жеткіліксіз)

**Маңызды!**

- USB-құрылғыны теледидарға қоспай тұрып, оны компьютерде FAT32 форматына форматтау керек.



## Time Shift (кідірту) функциясы

- 6 FAT32 форматындағы USB-құрылғыны USB-ге арналған ұяға енгізіңіз.
- 7 Time shift функциясын қолдану үшін **PLAY/PAUSE** түймесін басыңыз.

Бұл функция тек DTV режимінде бар. **PLAY/PAUSE** түймесін бағдарламаны тоқтату және ойнату үшін пайдаланыңыз. Time Shift функциясын өшіру үшін **STOP** түймесін басыңыз.

## Жазу

- 1 Қарап отырған бағдарламаңызды жазу үшін **D.MENU** түймесін басыңыз, жазу менюінің экранын кішірейту үшін **EXIT** түймесін басыңыз.



- 2 Жазуды тоқтату үшін **STOP** түймесін басыңыз.
- 3 Жазылған бағдарламаны ойнату үшін, USB режимін таңдап, жазылған файлдарды қамтитын қалтаны ашыңыз.
- 4 Қажетті жазбаны таңдаңыз.
- 5 Жазылған бағдарламаны ойната бастау үшін **OK** түймесін басыңыз, ал ойнатуды тоқтату үшін **STOP** түймесін басыңыз.

## АНЫҚТАМАЛЫҚ АҚПАРАТ

### Ақаулықтарды анықтау және жою

Ақаулық орнын анықтау үшін келесі ақпаратты пайдаланыңыз:

<b>Кескін мен дыбыс жоқ</b>	Қорек көзіне қосылымды тексеріңіз. Қорек параметрлерін тексеріңіз. Электр қуатының бар-жоғын тексеріңіз.
<b>Кескін жоқ</b>	Сигнал дұрыстығын тексеріңіз. Сигнал көзін баптау үшін ҚБ пультін пайдаланыңыз. Егер электр қуатын беруде үзілістер болған болса, теледидарды өшіріп, қайта қосыңыз.
<b>Дыбыс жоқ</b>	MUTE түймесін басып, дыбыссыз режимнің өшірулі екенін тексеріңіз. Басқа арнаға ауысып, онда дыбыстың бар-жоғын тексеріңіз. Бұл ақаулықты жөндеуге болатын-болмайтынын тексеру үшін VOL+ түймесін басыңыз.
<b>Дыбыс деңгейі төмен</b>	Дыбыстық жүйенің дұрыс жұмыс істеп тұрғанын тексеріңіз. Баптау мақсатында пайдалану бойынша нұсқаулықты қараңыз.
<b>Арналардың бірінде кескін жоқ</b>	Таңдалған арна дұрыстығын тексеріңіз. Антеннаның қосылуын тексеріңіз.
<b>Арналардың бірінде түрлі түсті кескін жоқ (ақ-қара)</b>	Басқа арналарда осындай мәселенің бар-жоғын тексеріңіз. Кескін және дыбыс жүйесін тексеріңіз. Түрлі түсті кескінді баптау үшін пайдалану бойынша нұсқаулықты қараңыз.
<b>Кескінде дақтар бар</b>	Антеннаның дұрыс қосылғанын тексеріңіз. Антеннаның қалай орналасқанын тексеріңіз. Арнаны баптаңыз.
<b>Басқару мүмкін емес</b>	Теледидарды розеткадан 10 секундқа ажыратып, қайта қосыңыз. Егер мәселе шешілмесе, қызмет көрсету жөніндегі мамандардың көмегіне жүгініңіз.



#### Назар аударыңыз

- Егер ақаулықты жоғарыда берілген ақпарат көмегімен жою мүмкін болмаса, қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.
- Теледидарды тек білікті маман жөндеуі тиіс.
- Теледидардың артқы панелін ашуға тырыспаңыз, теледидардың кейбір детальдарының кернеуі жоғары, ал сіздің әрекеттеріңіз оқыс оқиғаның немесе өрттің себебіне айналуы мүмкін.



## Техникалық сипаттамалар

Теледидарыңыздың техникалық сипаттамалары техникалық жақсартуларға байланысты кестеде берілгендерден шамалы өзгеше болуы мүмкін.

	39"	42"	46"
Модель	LET39Z18HF	LET42T1000HF	LET46Z18HF
Кескін мен дыбыс жүйесі	PAL/SECAM-B/G,I,D/K.L		
Қорек кернеуі	220-240 В 50 Гц		
Қорек	100 Вт	120 Вт	150 Вт
Аудиошығыс	8 Вт + 8Вт		
Сыртқы ұя	функционалдық құрылғыға арналған ұя, компьютерге арналған ұя, аудиоқұрылғыға арналған ұя, SCART типті ұя, антеннаға арналған ұя, HDMI ұясы, USB ұясы		
Температура	Жұмыс: 5°C ~ 35°C Сақтау -15°C ~ 45°C		
Ылғалдылық	Жұмыс: 20% ~ 80% Сақтау 5% ~ 90%		
Қосымша	Қашықтықтан басқару пульті, AAA батареялары *2, пайдалану бойынша нұсқаулық, кепілдеме, теледидарға арналған түпқойма, түпқоймаға арналған 5 винт, аудиоадаптер, SCART адаптері, артқы панель.		
Түпқоймасыз көлемі (мм):	888*38*520	983*61*600	1057*37*616
Түпқоймамен бірге көлемі (мм):	888*277*608	938*250*654	1057*255*673
Түпқоймамен бірге салмағы (кг)	13,0	14,1	14,0
Түпқоймасыз салмағы (кг)	10,0	12,5	12,8
Қабырғаға бекіту	200*200	200*200	400*400

- Осы теледидардың берілген техникалық параметрлері тек таныстыру мақсатында ұсынылады. Техникалық сипаттамалары жаңарылуы мүмкін. Дизайны мен техникалық сипаттамалары алдын ала ескертусіз өзгертілуі мүмкін.

## Қосымша

### 1-қосымша

VGA жұмыс режимі

Пози- ция	61,08 Н Жиілік (кГц)	Режим	Ажыратымдылығы	Кернеу жиілігі (кГц)	39~46"
1	31,469	IBM VGA	640*350	70,086	
2	31,469	IBM VGA	720*400	70,087	
3	31,469	IBM VGA	640*480	59,94	•
4	35	MACINTOSH	640*480	67	
5	37,861	VESA	640*480	72,089	•
6	37,5	VESA	640*480	75	•
7	35,156	VESA	800*600	56,25	•
8	37,879	VESA	800*600	60,317	•
9	48,077	VESA	800*600	72,188	•
10	46,875	VESA	800*600	75	•
11	49,7	MACINTOSH	832*624	75	
12	48,363	VESA	1024*768	60,004	•
13	56,476	VESA	1024*768	70,069	•
14	60,023	VESA	1024*768	75,029	•
15	61,08	IBM XGA-2	1024*768	75,781	
16	44,772	VESA CVT	1280*720	59,855	
17	47,776	VESA	1280*768	59,87	•
18	60,289	VESA	1280*768	75	•
	49,702	VESA	1280*800	59,81	•
19	47,72	VESA CVT	1360*768	59,799	
20	63,981	VESA	1280*1024	60,02	•
21	79,976	VESA	1280*1024	75,025	•
	55,935	VESA	1440*900	59,887	•
	70,635	VESA	1440*900	74,984	•
22	65,29	CVT1.76MW	1680*1050	59,954	
23	64,674	CVT1.76MW-R	1680*1050	59,883	
24	66,587	CVT2.3MA-R	1920*1080	60	

## 2-қосымша

HDMI форматын қолдау (ажыратымдылығы жоғары мультимедиалық интерфейс)

1. 480i/480p, 576i/576p, 720p, 1080p, 42" қолдау тек HDCP форматында.
2. TMDS сигналының 4 арнасы бар сандық интерфейс.

Сигнал көзі	Кескін көзі	SCART ұясы
ATV	ATV	ATV
DTV	DTV	DTV

# Haier

Филиалы Изготовителя (код филиала Изготовителя указан на Изделии):

- A** «Haier Overseas Electric Co., Ltd.», Китай  
Haier Group, Haier Industrial Park, No 1, Haier Road, Hi-tech Zone, 266101, Qingdao, P.R. China
- B** «Haier Electrical Appliances Corp., LTD., Ltd.»  
Haier Group, Haier Industrial Park, No 1, Haier Road, Hi-tech Zone, 266101, Qingdao, P.R. China
- C** «Haier Italy Appliances S.p.A.», Италия  
ViaCeresone2/B, 35010 Campodoro (PD), Italy
- D** «Haier Appliances (India ) Pvt., Ltd.», Индия  
B-3, Ranjangaon Growth Centre, MIDC Ranjangaon, Tal: Shirur, Dist: Pune, Maharashtra State, India

Өндіруші филиалдары (Өндіруші филиалының коды Бұйымда көрсетілген):

- A** «Haier Overseas Electric Co., Ltd.», Қытай  
Haier Group, Haier Industrial Park, No 1, Haier Road, Hi-tech Zone, 266101, Qingdao, P.R. China
- B** «Haier Electrical Appliances Corp., LTD., Ltd.»  
Haier Group, Haier Industrial Park, No 1, Haier Road, Hi-tech Zone, 266101, Qingdao, P.R. China
- C** «Haier Italy Appliances S.p.A.», Италия  
ViaCeresone2/B, 35010 Campodoro (PD), Italy
- D** «Haier Appliances (India ) Pvt., Ltd.», Үндістан  
B-3, Ranjangaon Growth Centre, MIDC Ranjangaon, Tal: Shirur, Dist: Pune, Maharashtra State, India

**Изготовитель:**

HAIER ELECTRICAL APPLIANCES CORP.,LTD  
«Хайер Электрикал Апплиансес Корп. Лтд.»

**Адрес Изготовителя:**

Haier Group, Haier Industrial Park, No 1, Haier Road, Hi-tech Zone, 266101, Qingdao, P.R. China

Хайер Индастриал Парк, Хайер Родд, Хай-тех Зоне, Циндао, 266101, КНР

**Импортер:**

ООО Торговая компания «Хайер Рус»

**Адрес Импортёра:**

121099, Москва, Новинский б-р, д. 8, оф. 1601, БЦ Лотте Плаза

**Өндіруші:**

HAIER ELECTRICAL APPLIANCES CORP., LTD  
«Хайер Электрикал Эпплайэнсес Корп. Лтд.»

**Өндіруші мекенжайы:**

Haier Group, Haier Industrial Park, No 1, Haier Road, Hi-tech Zone, 266101, Qingdao, P.R. China

Хайер Индастриал Парк, Хайер Роуд, Хай тек

**Импорртаушы:**

«Хайер Рус» сауда компаниясы ЖШҚ

**Импорртаушы мекенжайы:**

121099, Мәскеу, Новинский б., 8-үй, 1601, «Лотте Плаза» бизнес-орталығы